

**ULTTYQ
KEÑES**

TALAP

**ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
СЕНІМ КЕҢЕСІ
АЯСЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
РЕФОРМАЛАРДЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІК ПАКЕТІ**

АНАЛИТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

ULTTYQ
KEÑES

ULTTYQ
KEÑES

ULTTYQ
KEÑES

ULTTYQ
KEÑES

Нұр-Сұлтан

2021

ulattyq-kenes.kz

**ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
СЕНІМ КЕҢЕСІ**
АЯСЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
РЕФОРМАЛАРДЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІК ПАКЕТІ

АНАЛИТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан

2021

ulattyq-kenes.kz

Мазмұны

<i>Кіріспе</i>	4
I. Экономикалық бастамалар	5
II. «Жер мәселесін» шешу	8
III. Еңбек нарығы және нәтижелі жұмыспен қамту	11
IV. Әлеуметтік қамсыздандыру	13
V. Білім саласындағы реформалар	17
VI. Денсаулық сақтау саласындағы реформалар	25
<i>Қорытынды</i>	28

Кіріспе

Бұл аналитикалық баяндама Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі (ҰҚСК) аясындағы әлеуметтік-экономикалық реформаларына шолу жасауға және оларды объективті бағалауға бағытталған.

Коронавирус пандемиясы мен оның салдары мемлекеттік басқару жүйесін және жалпы еліміздің төзімін қатаң сынға алды. Көп проблемалық факторлар – шикізат салаларының басымдыққа ие болуы, экономиканың өңдеу секторындағы бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі, ШОБ-тегі тиімді несие алудағы шектеулері, әлеуметтік және экономикалық дамудағы өңіраралық сәйкессіздіктер экономиканың дамуын тұралатып отыр. Білім саласындағы кемшіліктер білікті мамандардың жетіспеушілігін тудырып отыр.

Адами капиталды дамыту саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалады, бұл, өз кезегінде, білім берудің барлық деңгейіндегі кемшіліктерге байланысты. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі түрлі деңгейдегі шенеуніктер арасында сыбайлас жемқорлық, бюджеттің құпиялығы, жауапсыздық пен біліксіздік белең алған.

ҰҚСК құрылғалы 2 жылдың ішінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан мейлінше осал топтарына қолдау көрсетуге де, экономиканың әртүрлі салаларындағы жағдайларды жақсарту механизмдерін қалыптастыруға да бағытталған маңызды әлеуметтік-экономикалық реформалар қолға алынды және жүзеге асырылып жатыр.

I. Экономикалық бастамалар

2019 жылдың 20 желтоқсанында өткен ҰҚСК екінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің экономикалық саясатының тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар тапсырма берді. Экономиканың дамуына ықпал ететін квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру және оны оңтайландыру, сыртқы борыш, бағамдық саясат, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы сияқты түрлі мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы, бірінші кезекте, квазимемлекеттік сектордағы кәсіпорындарды қысқарту керек деген ұсыныс айтты. Түрлі бағалаулар бойынша экономикадағы мемлекеттің үлесі ЖІӨ-нің 50%-ына тең, алайда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бағалауы бойынша квазимемлекеттік секторлар тарапынан жасалған қысым жекеменшік кәсіпорындардың дамуына мүмкіндік бермей отыр; сол себепті мемлекеттің үлесін қысқарту мақсатында жүргізілетін саясатқа қарамастан, жаңа құрылып жатқан мемлекеттік кәсіпорындардың көп екенін байқауға болады, 2000 жылдан бері мемлекеттік кәсіпорындар саны 23 723-тен 26 612-ге дейін өскен¹. Сонымен қатар, ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті квазимемлекеттік сектор қызметінде мемлекеттік ресурстарды тиімсіз пайдалану себебінен туған жүйелі проблемалар барын және ол нарық экономикасының дамуын тежеп отырғанын айтады². Осы тапсырманы орындау үшін Үкімет: квазимемлекеттік сектордағы субъектілер үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізімінің жаңа форматын; жеке алынған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі квазимемлекеттік сектордың қызмет түрлерін шектеу мүмкіндігін; ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтердің еншілес, тәуелді заңды тұлғалары жүзеге асыратын қызметтің кейбір түрлерін қысқартуды; ЭҚЖС-ның (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышының) жекелеген түрлерінің әрекет ету мерзімін белгілеу мүмкіндігін қарастыратын қаулы қабылдады.

Сондай-ақ, ҰҚСК отырысында сыбайлас жемқорлық Қазақстандағы квазимемлекеттік сектордың дамуына кедергі келтіретіні айтылды³. Сондықтан квазимемлекеттік сектордағы компаниялардың қызмет барысына жүргізілетін азаматтық бақылауды арттыру үшін **элеуметтік маңызы бар кәсіпорындардың директорлар кеңесінің құрамына азаматтық қоғам өкілдерін енгізу** туралы тапсырма берілді. Бұл ұсынысты ҰҚСК мүшелері Д. Әшімбаев пен А. Қожахметов

¹ «Атамекен» ҰКП. <https://atameken.kz/ru/news/25707-privatizaciya-voprosov-bol-she-chem-otvetov>

² ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/press/news/details/194218?lang=ru>

³ <https://ulttyq-kenes.kz/ru/counsels/vtoroe-zasedanie-nsod-pervyi-paket-reform-ii-chast>

айтты. Директорлар кеңесінің құрамына азаматтық қоғам өкілдері енетін 19 ұйымның тізімі анықталды, олар: «Зерде» ҰИХ» АҚ, «Қазгеология» ҰГК» АҚ, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ, «QazExpoCongress» ҰК» АҚ, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «СК Фармация» ЖШС, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ, «Азық-түлік корпорациясы» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «Электр энергиясы мен қуаты рыногының қазақстандық операторы» АҚ, «Байтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ. Квазимемлекеттік сектордағы әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындар директорлар кеңесінің құрамына азаматтық қоғам өкілдері кірді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның сыртқы борышына қатысты алыпсатарлықтың алдын-алу мақсатында **Цифрланған мәліметтер базасы негізінде сыртқы борыштың бірыңғай реестрін** жасақтауды тапсырды. Аталған бастаманы ҰҚСК мүшесі М.Тайжан көтерді. Қаржы министрлігі Реестрді «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы» порталының «Қызмет / Мемлекеттік борыш / Пайдалы материалдар бөліміне (Қаржы министрлігі, www.gov.kz) орналастырды.

Реестр сыртқы қарыздың көлемін миллион АҚШ доллары деп көрсететін сызықтық диаграмма түрінде, несие беруші елдерге қарай және секторлар бойынша (мемлекеттік басқару секторы, орталық банк, банктер, басқа да секторлар және тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек) бөлініп ұсынылған.

Ұлттық банк Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен және ҰҚСК мүшесі Р.Ошақбаев енгізген ұсыныс негізінде халықтың сенімін арттыру үшін бағамдық саясат ашықтығын арттыру механизмдерін жасады: ай сайын және тоқсан сайын валюта нарығына Ұлттық қордан трансферттер айырбасталғанын жариялап отыру; Ұлттық қордан трансферттер айырбастау кестесін жариялау; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық қордан айырбасталған трансферттер көлемі жөніндегі ақпараттарды жариялаудың формалары мен әдістерін жасады. Ұлттық қордан трансферттерді айырбастау жөніндегі ақпарат 2020 жылдың қаңтар айынан бастап ай сайын жарияланып отырады. Ұлттық қордан 2020 жылғы республикалық бюджетке кепілдендірілген трансфертті аударудың жиынтық жоспар-кестесі дайындалды, Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігінің «Ұлттық қордан 2020 жылға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт аударудың жиынтық жоспар-кестесін дайындау туралы» 2020 жылдың 7 ақпанындағы №126 сәйкесінше бірлескен бұйрығына және «Ұлттық қордан 2020 жылғы республикалық бюджетке кепілдендірілген трансфертті аударудың жиынтық жоспар-кестесін дайындау туралы» Ұлттық Банктің 2020 жылдың 18 ақпанындағы №47 қаулысына қол қойылды.

Сонымен қатар, 2030 жылға дейінгі **ақша-несие саясатының стратегиясы** қабылданды (Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылдың 5 наурызындағы №26 қаулысы бекітті). Стратегия баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әлеуетті күшейту және Қазақстандағы инфляцияны шектеу режимінің негізін нығайту мақсатында Ұлттық банк саясатының ашықтығын арттыруға бағытталған ақша-несие саясатының негізгі қағидаттары мен басымдықтарын анықтайды.

Азаматтардың мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар қызметіне берілген баға нәтижелерін көре алмауы жалпы мемлекет қызметінің ашық болуына кедергі келтіреді. Сондықтан мемлекеттік құрылымдардың есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында ҰҚСК мүшесі О. Жандосов Есеп комитетіне мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүргізген аудиторлық іс-шараларының негізгі нәтижелерін тұрақты түрде жариялап отыруды ұсынды. Есеп комитеті 2019 жылдың 4 наурызындағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің Интернет-ресурсы туралы» №40-н/қ бұйрығына, Есеп комитетінің отырысы өткізілгеннен кейін бір ай мерзімде тексерілетін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүргізген аудиторлық іс-шаралар қорытындыларының (құпия, ҚЖМ, жасырын мәліметтерден және т.б. басқа) азаматтық нұсқаларын жариялауға қатысты өзгеріс енгізді.

Сөйтіп, ҰҚСК қызметінің негізгі басымдықтарының бірі мемлекеттің экономикалық саясатының ашықтығын қамтамасыз ету болды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметінің ашықтығын арттыру үшін аса ірі квазимемлекеттік компаниялардың директорлар кеңесінің құрамына азаматтық қоғам өкілдерін қосу, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдарды тексеру нәтижелері бойынша Есеп комитетінің есептерін жариялау жөнінде нормалар қабылдау туралы бастамалар көтерілді. Сонымен қатар бірқатар бастама Ұлттық Банктің валюталық және ақша-несие саясатының, мемлекеттік қарыз тарту процесінің ашықтығын арттыруға бағытталды.

II. «Жер мәселесін» шешу

Елімізде жерге қатысты проблемаларды Қазақстан қоғамы әрдайым ауыр қабылдады. Оның бір себебі – көпшіліктің түсінігінде жер мен оған қатысты дүниелердің бәрі аса қастерлі саналады. Алайда 2016 жылы көктемде, Ұлттық экономика министрлігінің жерді нарық айналымына тарту үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1,7 млн. гектар жерді аукцион арқылы сату туралы жоспарынан кейін «жер мәселесі» саясиланып, қызу талқыға түсті⁴.

2016 жылдың 30 наурызында министрдің сөйлеген сөзінен кейін әлеуметтік желілерде билік ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдіктерге сатқалы жатыр деген қауесет тарады. Жер қатынастары саласында қордаланған қарама-қайшы пікірлер халық арасында наразылықтың күшеюіне түрткі болды. Соның салдарынан 2016 жылдың сәуір-мамыр айларында Қазақстанның Атырау, Ақтөбе, Семей, Жаңаөзен, Орал және Павлодар сияқты алты қаласында рұқсат етілмеген митингтер өтті, Астана, Алматы, Ақтау және Қызылорда сынды тағы төрт қалада митинг өткізуге тырысқандардың әрекеті сәтсіз аяқталды.

2016 жылы мемлекеттік саладағы бастамаларды халық екіұшты қабылдады деген Мемлекет басшысы Жер кодексінің жекелеген баптарының қызметіне 2021 жылдың соңына дейін күшінде болатын мораторий жариялау туралы жарлық шығарды. Мораторийде мынадай шектеулер бар:

- шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға беруге тыйым салу;
- жарғылық капиталында шетелдіктердің үлесі бар бірлескен кәсіпорындарға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке сатуға және жалға беруге тыйым салу;
- қазақстандықтарға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын беруге тыйым салу;
- мемлекеттен сатып алмайынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу құқығын иеліктен шығаруға тыйым салу.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдіктерге сату жөніндегі саяси шешім 2021 жылдың 25 ақпанында ҰҚСҚ бесінші отырысында қабылданды, отырыс кезінде Қазақстан Президенті «жер мәселесін» шешуге арналған бірқатар тапсырма берді:

«Халқымыз үшін жер мәселесі қашанда аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды деп бірнеше рет айттым. Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет. Сондықтан, мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым.

⁴ Forbes Kazakhstan https://forbes.kz//process/economy/zemli_selhoznaznacheniya_vyistavyat_na_auksionyi/?

Біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырамын. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты. Мен мұны Президенттің заң шығару бастамасы арқылы жедел түрде жүзеге асыру қажет деп шештім. Президент Әкімшілігі дәл осы мәселеге байланысты тиісті заң жобасын әзірлеуі керек. Екіншіден, бір айдың ішінде жер реформасы жөніндегі комиссияны құрып, 25 наурызда жұмысқа кірісуді тапсырамын. Комиссияның құрамына аграрлық сектордың беделді өкілдерін және жер мәселесін жетік білетін сарапшыларды қосу керек. Үшіншіден, Үкіметке биылғы тамыз айының соңына дейін жер реформасының негізгі мәселелері бойынша ортақ мәміле арқылы түбегейлі байлам жасауды тапсырамын. Төртіншіден, комиссия жұмысының әрбір кезеңі және онда ұсынылған шаралар туралы халықты үнемі хабардар етіп отыру керек. Басты міндеттің бірі – комиссия жұмысының және шешім қабылдаудың мейлінше ашықтығын көрсету. Біз жерге қатысты қоғам тарапынан көтерілген барлық мәселені дұрыс және тиімді шеше аламыз деп сенемін. Бұл шешімдер, ең алдымен, ел экономикасын дамытуға және азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға арналған. Ең бастысы, жер шетелдіктерге сатылмайтыны туралы түбегейлі шешім қабылданды»⁵.

Ауыл шаруашылығы жерлерін шетел азаматтары мен шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға сатуға және жалға беруге тыйым салу 2021 жылдың 13 мамырындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №39-VII Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында қарастырылған.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Жер реформасы жөнінде комиссия құру туралы, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2021 жылдың 19 наурызындағы №62-ө өкімі шығып, жер реформасы жөніндегі Комиссияның ережесі мен құрамы бекітілді. Оның құрамына орталық және жергілікті мемлекеттік орган өкілдері, Парламент депутаттары, саяси партия өкілдері, қоғам қайраткерлері, азаматтық белсенділері бар 80 адам енді. Осыған дейін Комиссияның 5 отырысы өтті.

Комиссия қызметінің қорытындысы ретінде аталған заңнамаға енетін өзгерістер әзірленді. Нәтижесінде жер қатынастары саласындағы бірқатар түйткілді мәселелерді реттеген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылдың 30 маусымындағы №59-VII Заңы қабылданды.

ҰҚСК-нің жер қатыстары саласында атқарған жұмысының маңызды нәтижелерінің бірі – игерілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуына қатысты түйткілді мәселелерді реттеу. ҰҚСК мүшесі М. Тайжан игерілмеген жерлердің космомониторингін өткізу керегін алға тартты. 2019 жылдың

⁵ <https://ulttyq-kenes.kz/ru/counsels>

20 желтоқсанында өткен ҰҚСК екінші отырысында Президент келесідей тапсырмалар берді:

«Ауыл шаруашылығы министрлігі Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп 2020 жылдың 1 мамырына дейін барлық дайындық жұмыстарын аяқтауы және бірқатар аймақтардағы жерді космомониторингтен өткізу жөніндегі пилоттық жобаны жүзеге асыруы керек. Сонымен қатар жерді тиімді пайдалануды бақылауды күшейтудің басқа да шараларын қолға алуымыз қажет. Игерілмей жатқан жер учаскелеріне салынатын базалық салықты 10-нан 20 есеге дейін арттыруды ұсынамын. Бұдан бөлек игерілмей жатқан жерлерді мәжбүрлеп қайтарып алудың уақытын екі жылдан бір жылға дейін қысқарту қажет».

Осы тапсырманы орындау үшін «Қазақстан Ғарыш Сапары ҰК» АҚ аясында геопортал жасақталып, онда Жерді қашықтықтан зондтау (ғарыштық мониторинг) мәліметтер қорының, жер пайдаланушылар балансының және «мемлекеттік жер кадастры» АЖ-ның интеграциясы жүргізілді. Нәтижесінде, 6 облыста (Ақмола, СҚО, Қарағанды, ШҚО, Жамбыл және Алматы облыстарында) 1 млн.-ға жуық игерілмей жатқан егістік жерлер анықталды.

Осы жұмыс шеңберінде пилоттық жобадағы төрт өңірде (Ақмола, ШҚО, Қостанай және Маңғыстау облыстары) «Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» және «ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» веб-порталындағы мәліметтер қорына интеграция жасалды. Игерілмеген 8,3 млн. гектар жайылымдық жер анықталды, оның ішінде 2,6 млн. гектар жайылым ерікті түрде мемлекеттік меншікке қайтарылды. Игерілмеген ауыл шаруашылығы жерлерінің ең көп үлесі Ақмола (2,3 млн. га) және Маңғыстау облысына (2,3 млн. га) тиесілі болып шықты.

Сонымен қатар, игерілмеген ауыл шаруашылығы жерлері мәселесін шешу үшін 2020 жылдың 10 желтоқсанында «Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №382-VI ҚРЗ ҚР 2020 жылдың 10 желтоқсанындағы Заңы және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ҚР Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңы Салық Кодексіне игерілмеген жер учаскелері үшін базалық салық мөлшерлемелерін 10 еседен 20 есеге дейін арттыруды көздейтін өзгерістер енгізілді.

ҰҚСК-нің жер қатынастары саласындағы басты жетістіктерінің бірі – оның қызметі аясында Қазақстандағы жер телімдерін шетелдіктерге беруге байланысты қоғам үшін өте ауыр мәселеге шын мәнінде нүкте қойылды. Оған қоса, ҰҚСК отырысында айтылған бастамалардың арқасында игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлері проблемасын шешуге бағытталған бірқатар маңызды шаралар жүзеге асты.

III. Еңбек нарығы және нәтижелі жұмыспен қамту

ҰҚСК екінші отырысында жұмыспен қамту және еңбек нарығы саласында өзгерістер енгізу туралы тапсырмалар берілді. Бағыттардың бірі – шетелдік жұмыс күштерін тарту тәртібі (бастамашы ҰҚСК мүшесі Ж. Қожық), соның ішінде **алдағы уақытта шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін жетілдіруге қатысты шаралар қабылдау**, дәлірек айтсақ, шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін квотаны 40%-ға азайту. 2020 жылдың 12 тамызында «2020 жылы ҚР аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу туралы» ҚР ЕХӘҚМ №300 бұйрығы жарияланды. Бұйрыққа сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша квота 29 292 бірлікті құраған (2019 жылы – 48 700 бірлік). 2021 жылы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота бір жұмыс күшіне 0,31% көлемінде немесе 29 300 бірлік болып бекітілді. Бастаманың бір бөлігі **шетелдіктерді жұмысқа алатын кәсіпорындарды бақылауды**, соның ішінде тексеріс жүргізуді күшейтуге бағытталды. ҚР Еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшартына және тексеру парақтарына тиісті өзгерістер енгізілді, олар «Шетелдіктерді жұмысқа тартатын кәсіпорындарды жыл сайын тексеру үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшартына өзгерістер енгізу туралы» ҚР ЕХӘҚМ №66 және ҚР ҰЭМ №11 бірлескен бұйрығында көрсетілген, онда шетелдік жұмысшыларды жұмысқа тартатын кәсіпорындарды жыл сайын тексеру қарастырылған.

2020 жылы өңірлердің еңбек инспекторлары 30 адамнан көп шетелдік жұмыс күшін тартатын 77 кәсіпорынның қызметін тексерді. Нәтижесінде, еңбек және көші-қон заңнамасын бұзған 754 жағдай анықталды, жұмыс берушілерге 134 ұйғарым берілді, 22,8 миллион теңгеден астам сомаға 62 әкімшілік іс қозғалды, 32 рұқсат кері қайтарылды, 2 шетелдік қызметкер елден шығарылды.

Шетелдік жұмыс күшіне квота белгілеу қағидаларын және 4-санат (жұмыс мамандықтары) бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту жөніндегі міндеттемелерді белгілеу тұрғысынан рұқсаттар беру қағидаларын қайта қарау, сондай-ақ кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі талаптарды күшейту.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің ережелері мен шарттарына шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілерге шетелдік жұмыскерлерді

төртінші санатқа сәйкес келетін қазақстандық кадрлармен алмастыру жөніндегі міндеттемелер жүктеуге қатысты тиісті өзгерістер енгізілді⁶.

ҰҚСК төртінші отырысында Мемлекет басшысы *enbek.kz электронды еңбек биржасы аясында оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шаралары туралы өзекті ақпарат беретін бірыңғай ақпараттық ресурс* құру керегін алға тартты. 2021 жылдың ақпанында электронды еңбек биржасы базасында қоныс аударушылар үшін бірыңғай ақпараттық ресурс іске қосылды. Ақпараттық ресурста ерікті түрде қоныс аудару шараларын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер туралы, қоныс аударған өңірлерде бос жұмыс орнының болуы, тұрғын үйдің болуы және бағасы, қоныс аударуға арналған квотаның бар-жоғы, өңірлердің/аудандардың/ауылдардың паспорты туралы ақпарат, сондай-ақ қоныс аудару шарасын ұйымдастыру барысынан жақсы мысалдар бар.

Сондай-ақ, *Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге көшуге субсидия мөлшерін 2 есеге ұлғайту* ұсынылды. Көшуге берілетін субсидия мөлшерін 35 АЕК-тен 70 АЕК-ке дейін ұлғайту республикалық бюджет комиссиясының отырысында қолдау тапты. Субсидия мөлшерін ұлғайту үшін қажетті қаражат бюджетті түзету кезінде қарастырылатын болады.

ҰҚСК-нің бесінші отырысында 2025 жылға дейін ҚР-дағы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы ұсыныс айтылды. Бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасында өндірістік жарақат алу жағдайларын және еңбек шарты зиянды жұмыс орындарын азайту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Үкімет қаулысының жобасы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың келісімін күтуде.


⁶ «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоратившілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылдың 27 маусымындағы №559 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ЕХӘҚ министрінің 17.04.2020 жылғы №138 бұйрығы

IV. Әлеуметтік қамсыздандыру

ҰҚСҚ аясындағы тағы бір өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік қамсыздандыру саласы. Мемлекет басшысы қоғамдағы әртүрлі топтардың әлеуметтік проблемаларын шешу үшін өзгерістер енгізуге бастамашы болды: мүгедек жандарға арналған әлеуметтік оңалту орталықтарын құру, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен (КЭП) қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға, соның ішінде мүгедек жандарды қолдау шараларын қарастыратын өзгерістер енгізу.

ҰҚСҚ екінші отырысында, сондай-ақ Мемлекет басшысы жұмыс істеп тұрған орталықтардың үлгісі бойынша, оның ішінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру мен МЖС тетіктерін қолдану арқылы жарымжан жандар үшін әлеуметтік оңалту орталықтарын құруды бастама етіп көтерді. 2020 жылы 12 оңалту орталығы ашылып үлгерді, олардың ішінде 11-і мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша, ал біреуі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында құрылды. ИИДМ «150 орындық мүгедектерді оңалту орталығы» үлгі-жобасын әзірледі, ол қазір учаскеге тіркеу және қаржыландыруға өтінім жолдау сияқты жұмыстарды жүргізу үшін өңірлерге жөнелтілді. Құрылыс еліміздің 10 өңірінде жоспарланған, ЖАО шешімімен аталған өңірлерде құрылысқа жер телімдері бөлінді.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтарды қолдаудың атаулы сипатын арттыру үшін атаулы әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына өзгерістер енгізілді, оның шеңберінде отбасының жан басына шаққандағы табысы мен өңірлік кедейлік шегінің шамасы арасындағы айырма түрінде төлемдер тағайындау қарастырылған. 2021 жылға АӘК төлеу үшін 122,8 млрд. теңге бөлу жоспарланған⁷.



1 сурет. АӘК алушылар саны

⁷ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылдың 5 мамырындағы №320 бұйрығы

Сонымен қатар Мемлекет басшысы АӘК-мен **бірге кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен (КӘП) қамтамасыз етуді** де ұсынды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «2015 жылдың 5 мамырындағы №320 бұйрығына» өзгеріс енгізу 2021 жылдың 28 маусымында қабылданды. КӘП дегеніміз 1 жастан 18 жасқа дейін балалары бар аз қамтылған отбасыларға берілетін көмек. 1-6 жас аралығындағы балаларға арналған КӘП ай сайын берілетін, баланың жас ерекшелігін ескере отырып жинақталған азық-түлік жиынтығынан, сондай-ақ тұрмыстық химия тауарлары жиынтығынан тұрады. 6-18 жас аралығындағы, орта білім беретін ұйымдарда оқитын балаларға арналған КӘП мектепке арналған немесе спорттық форма жиынтығынан (жылына 1 рет беріледі), мектеп жабдықтарынан және оқу күндері балаға білім алатын жерінен берілетін бір реттік тамақтан тұрады. 2021 жылы КӘП үшін бюджеттен 46,5 млрд. теңге қарастырылған.


Мүгедектерді қолдау үшін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға, соның ішінде мүгедек жандарды қолдауға арналған шараларды қарастыра отырып, өзгеріс енгізу туралы бастама көтерілді. Мысалы, 2019 жылдың 26 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңдарына техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен және мүгедектерді Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу жүйесі арқылы оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуді алып тастауға қатысты өзгерістер енгізді. Сөйтіп, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүгедек жандарды оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз ету тек қана Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге аса бастады. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасындағы Мемлекеттік сатып алу процесі арқылы техникалық көмекші құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етудің балама жолдары алып тасталды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында **халықтың зейнетақы қорындағы жинағының бір бөлігін пайдалануы** мәселесін пысықтауды тапсырды. Аталған шара халықтың бір бөлігіне баспана мәселесін шешуге көмектесуі және зейнетақы жүйесіне қатысу үшін қосымша ынталандыруы керек. Халық үшін қолға алынған бұл маңызды бастаманы ҰҚСК бірнеше мүшесі Р.Ошақбаев, М.Тайжан, А.Байтасов, Ж.Қожық, К.Нұров, Д.Еспаева да қолдады.

2021 жылдың 2 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес Қазақстан азаматтары зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне кірмейтін ем түрлерін алуға және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін пайдалануға құқылы болды.

Зейнетақы жинағын төлеу ережесін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларын, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесін, зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткілікті шегін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 2 қазанындағы №1042 қаулысы анықтады.

2021 жылдың 27 тамызындағы дерекке сүйенсек, БЖЗҚ-ға тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында зейнетақы жинақтарын пайдалануға 669 мыңға және емделуге 54 мыңға жуық өтінім келіп түсті. Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсартуға жалпы сомасы 1 749,2 млрд. теңгені құрайтын 405,3 мың өтінім және емделуге 31,8 млрд. теңгеден астам соманы құрайтын 34,3 мың өтінім бойынша төлемдер жүзеге асырылды.⁸



2 сурет. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған зейнетақы төлемдерінің динамикасы (жыл басынан бергі үдемелі қорытынды көрсетілген, млрд. теңге)

ҰҚСҚ аясында бастама тапқан реформалар, тұтастай алғанда халықтың әлеуметтік осал топтарын АӘК төлеу қағидаларын түзету және КӘК енгізу арқылы,

⁸ БҰЗҚ мәліметтері: <https://www.enpf.kz/ru/indicators/pa/withdrawal-data.php>

сондай-ақ орта тапты зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беру арқылы қолдауға бағытталған. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында зейнетақы жинағының бір бөлігін «Отбасы Банкіндегі» жинақ шотына аудару мәселесін пысықтауды тапсырды.

V. Білім саласындағы реформалар

Төртінші индустриалды революция шарттарында экономиканы дамыту үшін табиғи ресурстардың болғанынан гөрі, адами капиталдың сапасы маңыздырақ. Әсіресе, адами капиталдың сапасы мемлекеттің экономикасы мен бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға айтарлықтай ықпал етеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның білім жүйесі реформалаудың бірнеше кезеңінен өтті. 2016-2019 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында педагог кәсібінің беделін көтеруге, инфрақұрылымдық тұрғыдан қамтамасыз етуді дамытуға, Назарбаев зияткерлік мектептерін үлгіге ала отырып, білім мазмұнын жаңартуға, ТЖКБ-ның қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жоғарғы білімнің мазмұнын модернизациялауға арналған шаралар қабылданды. Сонымен қатар, Президент Қ. Тоқаев атап өткендей, білім саласындағы проблемалардың басты себептерінің бірі – «реформалардың жүйесіздігі мен алдын-ала ойластырылмауы».⁹

2020 жылдың мамырындағы ҰҚСК үшінші отырысы адами капиталды, соның ішінде білім мен ғылымды дамытуға арналды. Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде әлемдегі жаңа жағдай білім мен ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды қажет ететінін, өйткені экономика үшін бұл саланың маңызы арта түсетінін атап көрсетті.¹⁰

ҰҚСК аясында бастамаға ие болған білім жүйесіндегі өзгерістер педагог мамандардың сапасы, мектепке дейінгі білім беру, білім мазмұны, менеджмент және білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы сынды әртүрлі проблемаларды қамтыды.

ҰҚСК мүшелері С. Нұрбек пен М. Әбенев ең алдымен білім беру ұйымдарына педагогтер құрамын дайындау және сапасын арттыру, педагогтердің дәрежесін көтеру мәселесіне тоқталу керек деді. Бұл үшін **педагогикалық мамандыққа түскісі келетін үміткерлерге қойылатын талаптарды кезең-кезеңімен арттыру керек** деген мәселе көтерілді. Педагогикалық мамандықтар талапкерлер арасында сұранысқа ие болған жоқ, сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарының контингентін, көбінесе шекті деңгейден өткендер қалыптастырды. 2020 жылы ҚР Үкіметі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің тиісті нормативтік актілеріне өзгерістер енгізілді: педагогикалық мамандықтарға түсу үшін ҰБТ-ның шекті балы 60-тан 70 балға дейін көтерілді; 2021 жылы шекті балы 75 балға дейін жоғарылады (қосымшаны қараңыз). Қабылданған шаралар алғашқы нәтижесін берді: 2020 жылы педагогикалық мамандыққа түскен талапкерлердің орташа балы

⁹ Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ҰҚСК үшінші отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz>

¹⁰ Жоғарыны қараңыз

90-ға жетті, бұл ретте педагог мамандығын таңдаған «Алтын белгі» иегерлерінің саны бір жарым есеге артты.¹¹

Дайындықтың педагогикалық бағытына қызықтыру және талантты абитуриенттерді тарту мақсатында болашақ педагогтарға арналған **шәкіртақыны 26 мың теңгеден 42 теңгеге өсіру** бұл өзгерістердің логикалық жалғасы болды.¹²

Ауыл және қала мектептерінің арасындағы айырманы қысқарту туралы сөз еткенде, Мемлекет басшысы бір класта әртүрлі жастағы балалар білім алатын, бір мұғалім бірнеше пәннен сабақ беретін шағын жинақтық мектептерді (ШЖМ) мамандармен қамтамасыз ету проблемасын көтерді. Осы мәселені шешу мақсатында Білім және ғылым министрлігінде ауылдағы ШЖМ үшін аралас бағдарламалар жөніндегі кадрлар дайындау қарастырылған. 32 педагогикалық ЖОО ШЖМ үшін мұғалім дайындаумен айналысады. Білім бағдарламалары реестріне 156 аралас білім бағдарламасы тіркелген. Аралас білім бағдарламалары бойынша студенттердің педагогикалық тәжірибесі тиісті өңірлердің орта, негізгі білім беретін және шағын жинақтық мектептерінде ЖОО, білім басқармасы және өңір мектептері арасындағы келісім шарт негізінде жүргізіледі.

Мемлекет басшысы 2019 жылы өткен тамыз конференциясында төрт жыл ішінде мектеп мұғалімдерінің еңбекақысын 2 есеге арттыруды ұсынған болатын.¹³ Алайда ЖОО оқытушыларының еңбекақысы көтерілмеді және мектеп мұғалімдерінің еңбекақысынан төмен болып қалды. Осыған орай ҰҚСК отырысында Президент Қ. Тоқаев Үкіметке мемлекеттік білім гранттарының бағасын көтеру арқылы **ЖОО оқытушыларының еңбекақысын көтеру** мәселесін қарастыруды тапсырды. Осы тапсырманы орындау аясында мемлекеттік тапсырыс құнын мемлекеттік ЖОО-ларда 342,9 мың теңгеден 955,8 мың теңгеге дейін, ұлттық ЖОО-ларда 635,8 мың теңгеден 1 082,6 теңгеге дейін көтеру мәселесі қолға алынды (*оқытушылардың еңбекақысы ұлттық ЖОО-ларда 187 988 теңгеге (67%), мемлекеттік ЖОО-ларда – 141 296 теңгеге көтерілді*).¹⁴ ҚР Білім және ғылым министрлігінің 25.03.2021 жылғы №122 бұйрығына сәйкес, ЖОО-ның штаттық оқытушысының ең төменгі еңбекақысы лауазымына қарай 200 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін (2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап) белгіленді.

¹¹ ҚР Білім және ғылым министрлігі.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/182593?lang=ru>

¹² ҚР Үкіметінің 04.11.2020 ж. №736 Қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000736>

¹³ <https://www.zakon.kz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html>

¹⁴ ҚР Үкіметінің 23.07.2020 ж. №470 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000470>

Кесте. 2021-2022 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы


Білім саласындағы код пен жіктелім	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Оқу жылында 1 студентті оқытуға кететін орташа шығын (мың теңг) / 1 студентті оқытуға кететін 1 (бір) кредит шығыны (теңге)	
		жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беретін ерекше мәртебелі ұйымдар	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беретін өзге ұйымдар
6B01 Педагогикалық ғылымдар	9170	1010,9/16 848	901/15 017
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	1615	1 049,3/17 488	922,5/15 375
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпараттандыру	960	799,1/13 318	714,9/11 915
6B04 Бизнес, басқару және құқық	1223	799,1/13 318	714,9/11 915
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	5188	826,9/13 781,7	742,7/12 378
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	7187	1004,7/16 742	920,5/15 342
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	16105	1004,7/16 742	920,5/15 342
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	1715	826,9/13 782	742,7/12 378
6B11 Қызметтер	2 200	799,1/13 318	714,9/11 915
6B09 Ветеринария	875	1082,6/18 043	955,8/15 930

Адам білімінің негізі – мектепке дейінгі білім беру, өйткені 3 жас пен 7 жасқа аралығында бала белсенді дамиды. Сол себепті Білім және ғылым министрлігі аймақ әкімдерімен бірлесіп, тұрғындарды мектепке дейінгі біліммен толық қамтуға көп көңіл бөлді, алайда оның сапасы мен орта біліммен сабақтастығын ұмыт қалдырған. Мемлекет басшысы *мектепке дейінгі білім берудің толыққанды үлгісі* жоқ екенін атап көрсетіп, Үкіметке 2020 жылдың соңынан дейін оны дайындауды тапсырды.¹⁵

2021 жылдың наурыз айында Үкімет қаулы шығарып, тиісті үлгіні бекітті. Үлгіде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдірудің, баланы

¹⁵ Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ҰҚСҚ үшінші отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz>

толыққанды дамытудың әдістері мен принциптері алғаш рет анықталғанын айта кету керек¹⁶. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беруді реттейтін бірқатар нормативтік актілерге (МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, қызметтің үлгілік ережелері және т.б.) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондай-ақ осы үлгіні тиімді жүзеге асыру үшін мамандар құрамын оқыту және мектепке дейінгі мекемелерге тұрақты әдістемелік қолдау көрсету қажет. Алдағы уақытта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үлгісі мектепке дейінгі білім беретін педагогтерді дайындаудың негізін құрауы тиіс.



3 сурет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үлгісі

Тиісті деңгейдегі МЖМБС және үлгілік оқу жоспарлары айқындайтын білім мазмұнын қажетті оқу әдебиетімен нығайту керек. Соңғы бірнеше жылда жаңа оқулықтарды әзірлеу, сараптау және басып шығару жөніндегі жұмыстарды жетілдіруге арналған түрлі іс-шаралар жасалды: сапаға, сараптама жүргізуге деген талаптар өзгерді, жаңа авторлық ұжымдар қалыптасты. Сөйте тұра оқулықтардың сапасы мектеп мұғалімдерінің де, ата-аналардың да көңілінен шығар емес. Сондықтан Мемлекет басшысы: **оқулықтардың ғылыми-практикалық сараптамасына және байқаудан өтуіне қойылатын талаптарды арттыру; заңнамалық деңгейде оқулықтардың сапасына оқулық әзірлеушілердің жауапкершілігін бекіту** деген сияқты оқулықтардың сапасын қамтамасыз ету

¹⁶ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылдың 15 наурызындағы №137 қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/ru>
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137s/docs/P2100000137>

жөнінде шаралар қабылдауды бастама етіп көтерді. Бұл бастаманы жүзеге асыру үшін оқулық әзірлеушілердің оқулық сапасына қатысты жауапкершілігін күшейтіп, үздік оқулықтарды іріктеу жүйесін реттейтін Қағидаға – оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау, сараптау, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енді¹⁷. Қағидада авторлардың оқу курстарынан өтуі туралы нормалар қарастырылған. Оқу әдебиетіне сараптама толығымен құпия жағдайда өтеді, ол оқулық әзірлеушілерге қатысты толықтай бейтарап болуға көмектеседі. Сараптамалық қорытынды теріс шықса, оқулық оқу процесінде пайдалануға рұқсат етілген ОӘК оқулықтары тізіміне енбейді. Бұл оқулық әзірлеушіні (баспаны) оқулық шығаруға салған қаражаттың ақталмауы сияқты проблемаларға алып келеді. Сонымен қатар, жоғары сапалы оқулықтың өзі оқу процесінің тиімділігіне кепілдік бермейді. Сол себепті ҚР Білім және ғылым министрлігі оқулық әзірлеушілер мен мұғалімдер айтып келе жатқан: оқулық мазмұнының енгізіліп жатқан оқу әдіснамасынан (коммуникативтік тәсіл, контентке бағыттай оқыту, критериалды бағалау) белгілі-бір деңгейде артта қалуы, сондай-ақ жаңа оқулықтар бойынша оқыту тәжірибесін жинақтаудың баяу қарқыны сияқты проблемаларға назар аударуы керек¹⁸.

Оқулықтарды сандық форматқа көшіру жөніндегі бастама ҰҚСК аясында көтерілген оқулықтар тақырыбына жалғасты. Мемлекет басшысы тиісінше жоспар әзірлеп, Білім және ғылым министрлігіне өтеусіз пайдалану құқығын бекіту туралы тапсырма берді. 1-11 сынып аралығындағы оқулықтардың бірі www.okulyk.kz сайтына орналастырылған. Сонымен қатар бейнесабақтар, электронды оқулықтар және қосымша материалдар сияқты 20 мыңнан аса әртүрлі сандық ресурстары бар каталог құрастырылды.

2020 жылдың қазанында өткен ҰҚСК төртінші отырысында Президент Қ. Тоқаев Қазақстан мектептеріндегі оқушылардың оқу сауатты төмен деген мәселе көтерді және оған мысал ретінде халықаралық салыстырмалы зерттеу нәтижелерін алға тартты. Мемлекет басшысы оқу мәдениетін қалыптастыру білім беру процесінің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс екенін атап өтті¹⁹. Осы тапсырманы жүзеге асыру мақсатында оқушылардың жас ерекшеліктерін және мектепте оқытылатын көркем әдебиет жанрларын ескере отырып, оқуға арналған көркем әдебиеттердің ең аз мөлшерінің тізімі жасалды. Тізімге барлығы 260 кітап кірді, оның ішінде ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, повестер, пьесалар, поэмалар, романдар және т.б.

¹⁷ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылының 24 маусымындағы №344 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007876>

¹⁸ ҚР білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2020

¹⁹ Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ҰҚСК төртінші отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz>

бар. Білім және ғылым министрлігі тізім жасаумен қатар оқу мәдениетін қалыптастыруға арналған жұмыстар әдісін анықтауға тиіс екенін де айта кетуіміз керек. Бұған дейінгі көркем әдебиетті оқытуда қолданылатын әдістер тиімсіз және оқушылардың оқу сауатын арттыра алмайды. Ол үшін мектеп пен ата-аналар қоғамы дәстүрлі емес әдістерді (челленджер, марафондар, бейнероликтер түсіру және т.б.) қолдана отырып, бірлесе жұмыс істеуі керек.



4 сурет. okulyk.kz сайтындағы оқулықтардың скриншоты

2020 жылдың қазанында өткен ҰҚСҚ төртінші отырысында Президент Қ. Тоқаев Қазақстан мектептеріндегі оқушылардың оқу сауатты төмен деген мәселе көтерді және оған мысал ретінде халықаралық салыстырмалы зерттеу нәтижелерін алға тартты. Мемлекет басшысы оқу мәдениетін қалыптастыру білім беру процесінің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс екенін атап өтті²⁰. Осы тапсырманы жүзеге асыру мақсатында оқушылардың жас ерекшеліктерін және мектепте оқытылатын көркем әдебиет жанрларын ескере отырып, оқуға арналған көркем әдебиеттердің ең аз мөлшерінің тізімі жасалды. Тізімге барлығы 260 кітап кірді, оның ішінде ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, повестер, пьесалар, поэмалар, романдар және т.б. бар. Білім және ғылым министрлігі тізім жасаумен қатар оқу мәдениетін қалыптастыруға арналған жұмыстар әдісін анықтауға тиіс екенін де айта кетуіміз керек. Бұған дейінгі көркем әдебиетті оқытуда қолданылатын әдістер тиімсіз және оқушылардың оқу сауатын арттыра алмайды. Ол үшін мектеп пен ата-аналар қоғамы дәстүрлі емес әдістерді (челленджер, марафондар, бейнероликтер түсіру және т.б.) қолдана отырып, бірлесе жұмыс істеуі керек.

Осыған орай, жаңа бастама көтерілді. Ол – мектеп оқушыларының оқу сауатын арттыру, оқушылардың оқу сауаты бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыру мақсатын ұстанатын «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы. Өңірлер оқу

²⁰ Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ҰҚСҚ төртінші отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz>

сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіру, отбасымен бірге оқудың үздік дәстүрлерін жаңғырту, педагогтердің оқу сауаттылығын қалыптастыру және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру туралы ақпараттар тарату сияқты іс-шараларды ескере отырып, «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі және бекітті.

Оқу сауатының төмендігі мәселесін кешенді түрде шешу үшін мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы кітапханалардың материалдық-техникалық базасын күшейтуге, сондай-ақ олардың кітапхана қорын көркем және қосымша әдебиеттермен, оның ішінде қазақ тіліндегі әдебиеттермен жаңартуға және толықтыру керектігі алға тартылды. Білім және ғылым министрлігі Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған және «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудың кешенді жоспарын бекітті. Осы жобаға қолдау көрсету мақсатында «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ «Рухани жаңғыру» Қазақстанның даму институты» КЕАҚ-мен бірге ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ауыл мектептерінің кітапхана қорын толықтыруға бағытталған «Ауылыма кітап» республикалық қайырымдылық акциясын іске қосты. Акция аясында 2021 жылдың 16 тамызы мен 20 қыркүйегі аралығында кітап жинаумен айналысып, одан әрі Қазақстан ауылдарындағы кітапхана қоры жеткіліксіз мектептерге кітаптарды тарату жоспарланып отыр. Ауыл мектептерінің кітапхана қорының сапасын көтеру мақсатында заманауи балалар және жастар әдебиет жанрындағы, қағазға басылған немесе электронды тасымалдағыштағы кітаптарды үш тілде жинау жоспарланды.

Қ. Тоқаевтың техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы негізгі бастамасы, әсіресе білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен кредиттік технология енгізуге қатысты **академиялық дербестікті нығайту** болды. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде академиялық дербестікті нығайтуға арналған заңнамалық, нормативті-құқықтық шарттар жасалып жатыр. ТжКБ ұйымдарына өндіріс талаптарына және WorldSkills стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге құқылы болады. ТжКБ-ның жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты оқытудың кредитті жинақтау жүйесін енгізуге, оқыту мерзімін белгілеудің алдын-алуға мүмкіндік береді. Студенттің оқу жүктемесінің мөлшері уақыт өлшеміне бағынбай, жеке білім траекториясына сәйкес, жинақтау жүйесіндегі кредиттер санынан көрінеді.

Жоғары білім беру саласында ең өткір мәселе оқу сапасы болып отыр. Мемлекет басшысы дарынды жастардың шетелге кетуінің бірден-бір себебі бәсекеге қабілетсіз жоғары білім екенін атап өтіп, Үкіметке **дарынды жастарға жағдай жасауды тапсырды**. Білім және ғылым министрлігі осы бағытта бірқатар шаралар қабылдағанын айта кету керек. Олар – гранттар санын ұлғайту, стипендия

мөлшерін арттыру, шартты түрде қабылдау, ҰБТ-ны қайта тапсыру, шетелдік ЖОО-дан ауыстыру кезінде ҰБТ тапсыру талабын жою.

Сондықтан Үкімет қолжетімді және сапалы біліммен қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұмысқа орналастыру және т.б. шараларды қамтитын Қазақстан Республикасының жастарын қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті.²¹ ҰҚСК аясында тек сарапшылар қауымын ғана емес, жалпы халықты алаңдатқан білім беру ұйымдарының педагогикалық құрамының сапасы, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, мектеп оқулықтарының сапасы, ТЖКБ-ны дамыту және жастардың кетуі сияқты мәселелер бойынша да өзгерістер енгізілгенін атап өткен жөн. Педагогикалық мамандық таңдайтын талапкерлерге қойылатын талаптың күшеюі, студенттердің стипендиясын көбейту, ШЖМ үшін мұғалімдер даярлау көп ұзамай педагогикалық мамандықта білім алған студенттердің сапасына, ал ЖОО оқытушыларының еңбекақысын арттыру – жоғары білімнің сапасына оң әсер етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үлгісі – балаларды дамыту мен оқытудың өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістердің бағытын айқындаудағы алғашқы ғылыми негізді тәжірибе.

Мектеп оқулықтары сапалы болуы үшін оларды қоғамның талқысына сала отырып, тұрақты түрде дамыту және сараптама жасап отыру қажет. ҰҚСК аясында осы жұмыстардың негізі қаланды. Сонымен қатар ТЖКБ-ны әлемдік тенденциялар мен еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестендіру қажет, сондай-ақ жастардың кетуін қысқарту мақсатында оны дамыту мәселелерін әлі де пысықтау керек.


²¹ ҚР Үкіметінің 2020 жылдың 29 желтоқсанындағы №918 Қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000918>

VI. Денсаулық сақтау саласындағы реформалар

ҰҚСҚ аясында Мемлекет басшысы өзекті әрі бұрыннан келе жатқан медицина қызметкерлерін заң мен қаржы тұрғысынан қорғау және жауапкершілік жүйесін енгізу, медицина инфрақұрылымын дамыту, ауыл халқына медициналық көмек көрсету, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті реформалау, медицина және фармацевтика өнеркәсіптерін дамыту, цифрландыру, медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру проблемаларын шешу керекгін баса көрсетті.

Коронавирус пандемиясы денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды, әсіресе медицина ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілу проблемасын ашып берді. Еңбекақының төмендігі дәрігер кәсібінің сұранысын азайтып, кадр жетіспеушілігін тудырды.

Соңғы 5 жылда дәрігер мамандығының контингенті 6%-ға өскен. Мәселен, 2015 жылы елімізде барлық мамандық бойынша 69 722 дәрігер болса, 2019 жылы 70 046 адамды құраған. Сонымен қатар, 2015 жылдан 2019 жылға дейін ел бойынша дәрігерлер мен халықтың арақатынасы 1 000 адамға шаққанда 3,97-ден 4,22-ге дейінгі деңгейде қалып отыр, бұл арақатынас азғантай серпінмен төмендеген.



Дереккөз: ҚР ҰСБ СЖЖРА, «ТАЛАП» ҚЗО есебі

5 сурет. Қазақстан Республикасының барлық мамандықтағы дәрігерлер контингенті, мың адамға шаққанда

Медицина қызметкерлерінің жалпы саны өскен сайын маман дәрігерлердің контингенті азаяды. Мәселен, маман дәрігерлер контингенті 2016 жылғы 64,3 мыңнан 2019 жылы 59,8 мыңға дейін қысқарды.

Мемлекет басшысы дәрігерлік қызметтің беделін арттырып, үміткерлерді қызықтыру мақсатында, дәрігерлер еңбекақысының экономикадағы орташа еңбекақыға арақатынасын 2,5 есеге дейін жеткізе отырып, 2023 жылға қарай медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру туралы бастама көтерді. Бұл үшін 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттен, сондай-ақ Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) қаражаты есебінен 2021 жылы –

222,3 млрд. теңге, 2022 жылы – 361,7 млрд. теңге, 2023 жылы-557,5 млрд. теңге бөлу көзделген. 2021 жылы 1 қаңтардан бастап 247 мың медицина қызметкерінің еңбекақысы 20-дан 30% -ға дейін өсті.

Медицина қызметкерлерінің заңды және қаржылай қорғалу жүйесі мен жауапкершілігі, оның ішінде кәсіби қызметке кепілдік беру жүйесін енгізу тағы бір маңызды бастама болды. Бұл бағытта Қылмыстық кодексте қарастырылғандай медициналық қателіктердің қылмыстық сипатын жоюға арналған жұмыстар аяқталды. Сонымен қатар, жұмыс тобы заңды күші бар сақтандыру компаниялары арқылы медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін пысықтап жатыр. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңнама актісін басшылыққа ала отырып, осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып жатыр.

Медициналық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары аясында 9 өңірде модульдік инфекциялық ауруханалардың құрылысы аяқталды, қалған 5 өңірдегі ауруханалар 2021 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарын келтіру жұмыстары да инфекциялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жалғасып жатыр. Оған қоса, медициналық көмек көрсету барысында **өңіраралық алшақтықты қысқарту** жұмыстары барысында ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету бойынша қосымша шаралар қабылданды. Соның ішінде 1 797 ауылдық мобильді бригада ұйымдастырылды, 149 жылжымалы медициналық кешен жұмыс істеп жатыр, қажетті дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тиелді; 53 дана рентген аппараты сатып алынды, нәтижесінде 100% қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ **денсаулық сақтау саласын цифрландыру** жалғасып жатыр. Қалалық және аудандық деңгейдегі барлық дербес медициналық ұйымдарға 25 түрлі медициналық ақпараттық жүйе енгізілді, бұл ҚР Денсаулық сақтау саласындағы цифрлық кеңістікке қатысушылардың бәрі клиникалық деректерді алмаса алады деген сөз.

Коронавирус пандемиясы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне ауыр сынақ болды. Президент Қ. Тоқаев жүйесіз реформалар мен қайта ұйымдастыру жұмыстары санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінің және инфекциялық бақылау жүйесінің әлсіреуіне себеп болғанын атап өтті²². Сол себепті **санитарлық-эпидемиологиялық қызметті (СЭҚ) күшейтуді және институционализациялауды** тапсырды.

Осы тапсырманы жүзеге асыру мақсатында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетін қайта ұйымдастыру

²² Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ҰҚСҚ үшінші отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz>

жолымен санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті құрылды²³. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері мен өңірлердегі бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің өкілеттігін кеңейту туралы өзгерістер енгізілді²⁴.

Осы өзгерістерге қоса мамандарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет кадрларын даярлау жүйесін қайта қарауға арналған шаралар қабылданып жатыр. Еңбекақыны 40%-дан 70%-ға дейін дифференциалдап көтеру қарастырылды. Нәтижесінде аудандық/қалалық деңгейдегі лауазымы төмен әкімшілік қызметкердің ең төменгі еңбекақысы 1,7 есеге, облыстық деңгейдегі қызметкердің еңбекақысы 1,5 есеге, орталық деңгейдегі қызметкердің еңбекақысы 1,4 есеге өсті. СЭҚ кадрларын даярлауды қайта қарау мәселесінде мамандарды оқыту нәтижелерін зерделеу жалғасып жатыр, олардың нәтижесін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға және үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – МЖМБС) өзгерістер енгізу жоспарланған, сондай-ақ «Медициналық-профилактикалық іс. Гигиена және эпидемиология» кәсіби стандартын әзірлеу жөнінде жұмыстар жүріп жатыр.

Қазақстанның дәрі-дәрмектер мен медицина өнімдерінің импортына тәуелділігі коронавирус індеті шыңына жеткенде елеулі проблемаларға алып келді. Қазақстан нарығындағы импорттың үлесі – 88%. Алайда өз біздің елімізде өндірісімізді дамытуға қажетті ғылыми база да, мамандар да жеткілікті. Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында **фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың** 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары бекітілді²⁵. Осы жоспар аясында Қазақстанның ішкі нарығындағы отандық өндірушілердің, әсіресе бірінші қажеттіліктегі дәрі-дәрмек шығаратындардың үлесін 39%-дан 50%-ға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Жалпы алғанда, елдің денсаулық сақтау жүйесін дамытуда ҰҚСК елеулі жұмыс атқарып жатқанын атап өткен жөн. Осылайша ҰҚСК денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын өсіруге, медицина қызметкерлерінің құқықтық және қаржылық жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізуге, денсаулық сақтау саласын цифрландыруға, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті институционализациялауға бастамашы болды.

²³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылдың 22 қыркүйегіндегі №596 Қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000596>

²⁴ Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдесіндегі №360-VI ЗПК Қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000360#z494>

²⁵ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2020 жылдың 6 қазанындағы №132-р өкімі
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2000000132>

Қорытынды

ҰҚСҚ мемлекеттік саясат пен экономика саласында түрлі өзгерістер енгізуді көздейтін тиімді диалог алаңына және генераторға айналды. ҰҚСҚ аясындағы әлеуметтік-экономикалық бастамалар қордаланған проблемаларды жоюға және әртүрлі әлеуметтік топтардың проблемасын шешуге бағытталған.

Президенттің экономиканың тиімділігі мен ашықтығын арттыруды көздейтін реформалары еліміздің дамуы мен келешегі үшін маңызды. Мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар қызметінің ашықтығы, олардың ұдайы есеп беріп отыруы экономиканы басқару барысында жариялылықтың дамуына және реформаларды жоспарлаудан бастап іске асыруға дейінгі түрлі сатыларында жан-жақты пысықтауға ықпал етеді.

ҰҚСҚ аясында жер мәселесіне нүкте қойылды және жерді алып-сату тоқтатылды. Ендігі міндет – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы реформалар біртіндеп жұмыс күшінің қысқаруына және Қазақстан халқының нәтижелі жұмыспен қамтылуына ықпал етеді. Сондай-ақ халықтың неғұрлым осал топтарына атаулы кепілдендірілген әлеуметтік қолдау көрсету бойынша да іс-шаралар атқарылып жатыр.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер қордаланған мәселелерді шешуге көмектеседі. Мектепке дейінгі білім берудің сапасы, білім беру жүйесінің кадрлық әлеуеті, білім беру мазмұны реформалардың басты назарында.

Денсаулық сақтау саласындағы реформалар дәрігер кәсібінің беделін арттыруға мүмкіндік берді, медициналық көмектің сапасы мен қол жетімділігіне қатысты өңірлердегі айырмашылықты жою, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөнінде шаралар қабылданды.

Жалпы алғанда, экономика және әлеуметтік саясат саласындағы реформалар ортақ мақсатқа жұмылдырылған. Ортақ мақсат – елімізді үдемелі даму жолына түсіріп, адами капиталдың сапасын арттыру.

**ULTTYQ
KEÑES**

TALAP